

## Мемлекеттік сатып алу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Заңы 1997 жылғы 16 шілде N 163 Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2002.05.16. N 321 Заңымен. ~Z020321

Осы Заң Қазақстан Республикасының республикалық және жергілікті бюджеттерінің, қаражаты есебінен жүзеге асырылатын тауарды, жұмысты және көрсетілетін қызметті мемлекеттік сатып алу процесінде туындайтын құқықтық қатынастарды осы қаражатты тиімді пайдалану мақсатында реттейді.

ЕСКЕРТУ. Кіріспеден сөздер алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 1998.12.06. N 306 Заңымен.

Z980306\_

### I-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланатын ұғымдар

Осы Заңда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

мемлекеттік сатып алу - мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың негізінде мемлекеттің тапсырысшылар арқылы Қазақстан Республикасының республикалық және жергілікті бюджеттерінің қаражаты есебінен мемлекет меншігіне тауарлар сатып алу және мемлекетке қажетті жұмыс пен қызмет көрсетуі;

мемлекеттік сатып алу туралы шарт - осы Заңға және өзге де нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес тапсырысшы мен өнім беруші арасында жасалған азаматтық-құқықтық шарт;

тапсырысшы - өз мұқтаждары үшін республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен сатып алуды жүзеге асыратын орталық және

жергілікті мемлекеттік органдар, олардың қарамағындағы мемлекеттік мекемелер;

конкурс - ықтимал өнім берушілер арасындағы бәсекені көздейтін және мемлекеттік сатып алу туралы шарттың ең тиімді жағдайларын анықтауға бағытталған мемлекеттік сатып алуды өткізу әдісі;

конкурстық өтінімді қамтамасыз ету - мемлекеттік сатып алуды өткізу конкурсына жіберілген ықтимал өнім берушінің кепілді жарнасы; мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету - өнім берушінің мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындауының кепілді жарнасы;

конкурсты ұйымдастырушы - тапсырысшы немесе конкурсты өткізу мен ұйымдастыру кезінде тапсырысшының атынан немесе уәкілетті органның тапсырмасы бойынша әрекет жасайтын басқа да мемлекеттік орган;

өнім беруші - тапсырысшымен мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартқа контрагент ретінде қатысатын заңды тұлға немесе жеке адам;

ықтимал өнім беруші - мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу мақсатымен мемлекеттік сатып алу процесіне қатысатын заңды тұлға немесе жеке адам;

мемлекеттік сатып алу процесі - Қазақстан Республикасының республикалық және жергілікті бюджеттерінің қаражаты есебінен тауарлар сатып алуға, қажетті жұмыс пен көрсетілетін қызметтерді алуға бағытталып жүргізілетін барлық шаралар кешені, соның ішінде тапсырысшының мемлекеттік сатып алу номенклатурасы мен көлемін қалыптастыруы, өнім берушіні таңдауы, мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуы мен оны орындауы;

уәкілетті орган - мемлекеттік сатып алу процесін өз құзыреті шегінде реттеуді жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган;

мемлекеттік сатып алу процесіне қатысушылар - тапсырысшылар,

конкурсты ұйымдастырушылар, ықтимал өнім берушілер, өнімді жеткізіп берушілер;

конкурстық құжаттама - конкурстық өтінімдерді әзірлеу үшін және конкурсты өткізу тәртібі туралы ықтимал өнім берушіге берілетін құжаттама;

конкурстық өтінім - ықтимал өнім берушінің конкурстық құжаттамаға сәйкес жасаған конкурстық ұсынысы.

ЕСКЕРТУ. 1-бап өзгерді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының  
1998.12.09 N 306 Заңымен.

Z980306\_

2-бап. Мемлекеттік сатып алу процесі

Мемлекеттік сатып алу процесі:

республикалық және жергілікті бюджеттер бекіткен көрсеткіштер негізінде сатып алынатын тауарлардың, атқарылатын жұмыс пен көрсетілетін қызметтің номенклатурасы мен көлемін қалыптастыруды; өнім берушіні таңдауды, онымен мемлекеттік сатып алу туралы шарт

жасасуды және одан тиісті қаржы жылына тауарларды, жұмыс пен қызмет көрсетулерді сатып алуды;

мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды орындауды қамтиды.

ЕСКЕРТУ. 2-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1998.12.09  
N 306 Заңымен.

Z980306\_

3-бап. Мемлекеттік сатып алу туралы заңдардың  
принциптері

Мемлекеттік сатып алуға байланысты қатынастарды құқықтық реттеу мынадай принциптерге негізделеді:

мемлекеттік бюджет қаражатының оңтайлы жұмсалуды;

мемлекеттік сатып алу туралы заңдарда көзделгеннен басқа жағдайларда мемлекетке тауар, жұмыс және қызмет көрсетуді ұсынуға қатысу үшін барлық ықтимал өнім берушілерге тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету;

тауарды, жұмысты және қызмет көрсетуді ықтимал берушілер арасындағы адал бәсекелестік;  
мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шарттар бойынша мемлекеттік сатып алу процесінің жариялылығы.

ЕСКЕРТУ. 3-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1998.12.09 N 306 Заңымен.

Z980306\_

4-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу саласындағы заңдары

Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

5-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңдары және халықаралық құқық нормалары

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта Қазақстан Республикасының сатып алу туралы заңдарында көзделгеннен өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

6-бап. Мемлекеттік сатып алу процесін реттеу жөніндегі уәкілетті орган

1. Мемлекеттік сатып алу процесін реттеуді уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік сатып алу процесін реттеу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган:

1) тапсырысшылар жүргізетін мемлекеттік сатып алу процестерін үйлестіру мен мониторингті жүзеге асырады;

2) мемлекеттік сатып алу мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық

актілердің жобаларын әзірлейді, өз құзыреті шегінде мемлекеттік сатып алуды жүргізу жөніндегі әдістемелік материалдарды әзірлеп, бекітеді;

3) тауарларды, жұмыс пен қызметті мемлекеттік сатып алуды

жүргізудің Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тәртібін бақылауды жүзеге асырады;

4) жүргізілген мемлекеттік сатып алу туралы есеп беру тәртібін анықтайды;

5) тапсырысшыларға мемлекеттік сатып алуды жүргізу мәселелері бойынша әдістемелік және ұйымдастырушылық көмек көрсетеді.

ЕСКЕРТУ. 6-баптың 3,4-тармақшалары жаңа редакцияда - Қазақстан

Республикасының 1998.12.09 N 306 Заңымен.

Z980306\_

7-бап. Мемлекеттік сатып алуға байланысты  
қызметтегі жариялылық

1. Мемлекеттік сатып алу процесін реттеуге қатысты барлық

нормативтік құқықтық актілер ресми баспасөзде жарияланады.

2. Жүргізілген мемлекеттік сатып алулар туралы мәліметтерді тапсырысшылар немесе конкурсты ұйымдастырушылар, мемлекеттік құпияға жататын мәліметтерді қоспағанда, ресми баспасөзде үнемі жариялап отырады.

3. Тапсырысшы немесе конкурсты ұйымдастырушы конкурс аяқталғанға дейін оған ықтимал өнім берушілер берген барлық ақпаратқа қатысты құпиялықты сақтауға міндетті.

ЕСКЕРТУ. 7-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1998.12.09  
N 306 Заңымен.

2-тарау. Мемлекеттік сатып алу процесін  
ұйымдастыру

8-бап. Мемлекеттік сатып алу процесін жүзеге асыру

1. Мемлекеттік сатып алу мына әдістердің бірімен жүзеге асырылады:

- 1) конкурс;
- 2) бір көзден сатып алу;
- 3) баға ұсыныстарын сұратуды пайдалана отырып өнім берушіні таңдау.

2. Конкурстың түрлері мыналар болып табылады:

ашық конкурс;

жабық конкурс.

3. Ашық конкурс және жабық конкурс екі кезеңді рәсімді пайдалана отырып өткізілуі мүмкін.

4. Конкурс арқылы мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде ықтимал өнім берушілердің кемінде үшеуі қатысуы қажет.

Егер конкурсқа үштен кем ықтимал өнім беруші қатысса, конкурсты ұйымдастырушы конкурс өткізілмеді деп жариялайды.

Егер жарияланған конкурс өткізілмеген деп танылса, конкурсты ұйымдастырушы :

кемінде үш айдан кейін қайталап ашық конкурс өткізуге;

Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Тауарларды, жұмысты және қызмет көрсетуді мемлекеттік сатып алуды жүргізу тәртібін сақтай отырып, қайталап конкурс өткізуге;

бір көзден сатып алу әдісін қолдануға;

өзінің конкурстық құжаттамасының мазмұнын өзгертуге құқылы.

5. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың негізгі әдісі ашық конкурс болып табылады .

Конкурсты ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың

мынадай жолдарын өз бетінше таңдап алады:

1) ашық конкурс;

2) баға ұсыныстарын сұратуды пайдалана отырып өнім берушіні таңдау;

3) табиғи монополиялар субъектілерінен бір көзден сатып алу;

4) конкурстың жабық түрін және табиғи монополиялардың субъектілеріне жатпайтын өнім берушілерден бір көзден сатып алуды таңдаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарында тиісті қаржы жылының бірінші тоқсанына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің екі мың еселенген мөлшерінен аспайтын соммаға тауарлардың, жұмыс пен қызмет көрсетудің біртектес түрлерін сатып алу.

Конкурсты ұйымдастырушы уәкілетті органмен келісе отырып, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруды мынадай жолдарын таңдап алады:

1) жабық конкурс;

2) табиғи монополиялардың субъектілерінен сатып алуды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңдарында тиісті қаржы жылының бірінші тоқсанына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің екі мың еселенген мөлшерінен астам сомаға тауарлардың, жұмыс пен қызмет көрсетудің біртектес түрлері бойынша бір көзден сатып алу;

3) екі кезенді рәсімдерді пайдалана отырып, ашық және жабық конкурстар өткізу.

6. Осы бапқа сәйкес мемлекеттік сатып алудың тәртібін, конкурстық комиссия туралы ережені және конкурстық құжаттаманың нысанын, сондай-ақ тауарларды, жұмыс пен қызмет көрсетуді сатып алудың салалық ерекшеліктерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

7. Орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың қарамағындағы мемлекеттік мекемелер тауардың, жұмыстың немесе қызмет көрсетудің қандай болсын біртектес түрлерін мемлекеттік сатып алу көлемі құны жағынан Қазақстан Республикасының заңдарында тиісті қаржы жылының бірінші тоқсанына белгіленген есептік көрсеткіштің бес мың еселенген айлық мөлшерінен аспайтын жағдайда ғана конкурсты ұйымдастырушы ретінде іс-әрекет істеуге құқылы.

8. Егер бірнеше тапсырысшы тауарлардың, жұмыс пен қызмет көрсетудің біртектес түрлері бойынша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырғысы келген жағдайда уәкілетті орган оларға ортақ конкурс ұйымдастырушыны белгілей алады.

ЕСКЕРТУ. 8-бап өзгерді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.12.09 N 306 Заңымен. Z980306\_

9-бап. Конкурсты ұйымдастырушының жасалатын мемлекеттік сатып

алулар туралы ақпаратына қойылатын жалпы талаптар

1. Конкурсты ұйымдастырушының жасалатын мемлекеттік сатып алулар туралы ақпараты мынадай мәліметтерді қамтуға тиіс:

- 1) конкурсты ұйымдастырушының атауы мен орналасқан жері;
- 2) болжалып отырған сатып алудың көлемі, сапасы, номенклатурасы және тауар әкелінетін, жұмыс орындалатын және қызмет көрсетілетін орын;
- 3) тауар берудің, жұмыс орындаудың талап етілетін мерзімдері немесе қызмет көрсету кестесі;
- 4) конкурстық құжаттаманы алудың орны мен әдістері;
- 5) конкурстың өткізілетін орны мен уақыты, сондай-ақ конкурсқа қатысуға өтінім беретін орын мен мерзім;
- 6) ықтимал өнім берушілерге қойылатын біліктілік талаптары;
- 6-1) Конкурстық құжаттаманың, конкурс өткізудің және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өнім беру шартын жасасудың тіліне қойылатын талаптар;
- 7) басқа да қажетті ақпарат.

2. Тапсырысшының ақпаратындағы кез келген өзгерістерді конкурсты ұйымдастырушы дереу ықтимал өнім берушілерге жеткізеді, бұл ретте конкурстық өтінім беру мерзімі осындай соңғы өзгерістер туралы ықтимал өнім берушілерге хабарланған күннен бастап есептеледі.

ЕСКЕРТУ. 9-бап өзгерді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.12.09 N 306 Заңымен. Z980306\_

10-бап. Ықтимал өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптары

1. Мемлекеттік сатып алу процесіне қатысу үшін ықтимал өнім беруші мынадай біліктілік талаптарын қанағаттандыруға:

- 1) мемлекеттік сатып алу туралы шартқа сәйкес міндеттемелерін орындауы үшін кәсіптік құзыреті, тәжірибесі, беделі, сондай-ақ қажетті қаржылық, материалдық және еңбек ресурстары болуға;
- 2) мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу үшін азаматтық құқық қабілеті болуға;
- 3) төлем қабілеті болуға, таратуға жатпауға тиіс, мүлкі алып қойылмауға тиіс, оның қаржы-шаруашылық қызметі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тоқтатылмауға тиіс;
- 4) конкурсқа қатысуға өтінім берген кезде және мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасқан кезде бюджетке салық және басқа да міндетті төлемдерді



төлеу жөніндегі өз міндеттемелерін орындауға тиіс.

2. Ықтимал өнім беруші конкурсты ұйымдастырушыға куәліктердің, лицензиялардың, анықтамалардың және ықтимал өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын өзге де құжаттардың көшірмелерін табыс е т е д і .

3. Конкурсты ұйымдастырушының ықтимал өнім берушіге осы баптың 1-тармағында көзделгеннен өзге біліктілік талаптарын қоюға құқығы жоқ және ықтимал өнім беруші өзіне қойылатын біліктілік талаптарына қатысы жоқ ақпаратты конкурсты ұйымдастырушыға бермеуге құқылы.

4. Елде осы тауарлардың, жұмыс пен қызмет көрсетудің бәсекелес рыногы болған жағдайда конкурсты ұйымдастырушы біліктілік талаптарын қалыптастыру кезінде отандық ықтимал өнім берушілермен шектелуге құқылы.

5. Ықтимал өнім беруші біліктілік талаптары туралы толық емес, дәл емес немесе жалған ақпарат берген жағдайда конкурсты ұйымдастырушы оны сатып алу процесіне қатысудан шеттеуге құқылы. Берілген ақпараттың толықтығы ықтимал өнім берушінің біліктілік мүмкіндіктерін растайтын құжаттарды конкурсты ұйымдастырушы қараған кезде анықталады.

ЕСКЕРТУ. 10-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1998.12.09  
N 306 Заңымен. Z980306\_

## 11-бап. Конкурстық құжаттаманың мазмұны

1. Конкурсты ұйымдастырушы ықтимал барлық өнім берушіге мынадай ақпараттан тұратын конкурстық құжаттаманы ұсынуға міндетті:

1) ықтимал өнім берушінің біліктілік мүмкіндіктерін растайтын құжаттардың т і з б е с і ;

2) техникалық ерекшеліктерін, жоспарларды, сызбалар мен нобайларды қоса алғанда, сатып алынатын тауардың, жұмыстың және көрсетілетін қызметтің техникалық және сапалық сипаттамалары: тауар саны; орындалуға тиісті кез келген жолай қызмет көрсету; жұмыс орындалатын немесе тауар берілетін, немесе қызмет көрсетілетін орын; тауар берудің, жұмысты орындаудың немесе қызмет көрсетудің талап етілетін мерзімдері;

3) жеңіп шыққан конкурстық өтінімді айқындауда конкурсты ұйымдастырушы ескеретін өлшемдер тізбесі;

4) егер тауарлардың жұмыс пен қызметтің балама сипаттамаларына жол берілсе, балама конкурстық өтінімдерге баға беру мен салыстыру әдісінің тиісті нұсқауы мен сипаттамасы шарт жағдайлары немесе конкурстық құжаттамада ж а з ы л ғ а н б а с қ а т а л а п т а р ;

5) тауарлардың, жұмыстың және көрсетілетін қызметтің құнына қоса бағаға

басқа элементтер кіруге тиістілігіне не тиісті еместігіне қатысты нұсқамаларды қоса алғанда, конкурстық өтінім есептелгенде негіз алынуға тиісті әдістеме, мысалы, тасымалдауда және сақтандыруда, кеден бажын және салық төлеуде қолданылатын кез келген шығындар;

6) ықтимал өнім берушінің конкурстық өтінімін қамтамасыз етудің мазмұны мен нысаны;

7) ықтимал өнім берушінің конкурстық өтінім берудің түпкілікті мерзімі өткенге дейін өзінің конкурстық өтінімін өзгерту немесе қайтарып алу құқығына тиісті нұсқама;

8) конкурстық өтінімдер берудің әдісі, орны және түпкілікті мерзімі мен олардың қолданылу мерзімі;

9) конкурстық құжаттамаға байланысты ықтимал өнім берушілер түсіндірме сұрата алатын әдістер және тапсырысшының сол кезеңде ықтимал өнім берушілермен кездесу өткізу ниеті туралы мәлімдемесі;

10) конкурстық өтінімдер салынған конверттердің ашылатын орны, күні және уақыты;

11) конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу және конкурстық өтінімдерді қарау үшін пайдаланылатын рәсімдер;

12) конкурсты ұйымдастырушының лауазымды адамдары, конкурсты дайындауда және өткізуде конкурсты ұйымдастырушыдан өкіл болатын уәкілдер туралы деректер;

13) мемлекеттік сатып алу туралы шарттың мазмұны мен орындалуын қамтамасыз ету нысаны;

14) күрделілігі жоғары сипаттағы ірі объектілерді салу жөніндегі мердігерлік жұмыстарды мемлекеттік сатып алу жүргізілген жағдайларда бастапқы ең жоғары баға белгіленуі мүмкін.

2. Мемлекеттік сатып алу процесіне қатысуға тілек білдірген ықтимал өнім беруші конкурстық құжаттамаға сәйкес конкурстық өтінімді белгіленген мерзімде және желімденген конвертке салып конкурсты ұйымдастырушыға табыс етуге міндетті.

3. Конкурсты ұйымдастырушы ықтимал өнім берушінің мерзімдерді немесе конкурсты ұйымдастырушы ұсынған конкурстық өтінімнің мазмұнына қатысты белгілеген талаптарды бұза отырып берген конкурстық өтінімді қарамауға құқылы.

ЕСКЕРТУ. 11-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1998.12.09  
N 306 Заңымен. Z980306\_

12-бап. Конкурстық құжаттама ережелерін түсіндіру

1. Ықтимал өнім беруші конкурстық құжаттама ережелеріне түсіндірме беру туралы сауал салуға құқылы, бірақ ол конкурстық өтініш берудің ақтық мерзімі біткенге дейінгі 10 күннен кешіктірілмеуі керек. Конкурсты ұйымдастырушы ықтимал өнім берушінің мұндай сауалына үш күн мерзімде жауап қайтаруға және сауалдың кімнен түскенін көрсетпестен, конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттама ұсынған барлық ықтимал өнім берушілерге осы түсіндірмелерді хабарлауға тиіс.

2. Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық өтінім ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін кез келген уақытта өзінің жеке бастамасымен, не қандай да бір ықтимал өнім берушінің тарапынан түскен түсіндірме беру туралы сауалға жауап ретінде толықтыру шығару арқылы конкурстық құжаттаманы өзгертуге құқылы. Конкурсты ұйымдастырушы бұл толықтыруды конкурстық өтінімдер берілген барлық ықтимал өнім берушілерге дереу хабарлайды және олардың мұндай ықтимал өнім берушілер үшін міндетті күші болады, бұл орайда конкурстық құжаттама берудің мерзімі осындай соңғы толықтырулар туралы ықтимал өнім берушілерге хабарланған күннен бастап есептеледі.

ЕСКЕРТУ. 12-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1998.12.09  
N 306 Заңымен. Z980306\_

13-бап. Конкурстық өтінімдердің қолданылу мерзімі,  
өзгертілуі және қайтарып алынуы

1. Конкурстық өтінімдер конкурстық құжаттамада көрсетілген мерзім ішінде күшінде қалады.

2. Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық өтінімдердің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін ықтимал өнім берушілерден осы мерзімді қосымша нақты уақыт кезеңіне ұзартуды өтіне алады. Ықтимал өнім беруші өзі берген конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қайтып алу құқығын жоғалтпай, мұндай сауалдан бас тарта алады және оның конкурстық өтінімінің қолданылу мерзімі ұзартылмаған мерзім өткенде аяқталады.

3. Ықтимал өнім беруші өзі берген конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қайтып алу құқығын жоғалтпай, конкурстық өтінімдерді тапсырудың түпкілікті мерзімдері өткенге дейін өзінің конкурстық өтінімін өзгертуі немесе оны қайтарып алуы мүмкін. Егер оны конкурсты ұйымдастырушы конкурстық өтінімдерді тапсырудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін алса, қайтарып алу туралы мұндай өзгеріс немесе хабар күшінде болады.

ЕСКЕРТУ. 13-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1998.12.09  
N 306 Заңымен. Z980306\_

## 14-бап. Конкурстық өтінімдерді қамтамасыз ету

1. Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық өтінімдерді табыс еткен ықтимал өнім берушілерден конкурстық өтінімдерді қамтамасыз етуді енгізуді талап етуі м і н д е т т і .

Б ұ л р е т т е :

1) мұндай талап барлық ықтимал өнім берушілерге қатысты болуға тиіс;  
2) конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттамада конкурстық өтінімнің қажетті қамсыздандырылу нысанын, көлемін және басқа да негізгі жағдайларын көрсетуге тиіс.

2. Конкурстық өтінімнің қамтамасыз етілуі конкурстық өтінімді және тиісті қамтамасыз етуді ұсынған ықтимал өнім берушіге, егер ықтимал өнім беруші:

1) конкурстық өтінім берудің түпкілікті мерзімі өткен соң конкурстық өтінімді қайтарып алса немесе өзгертсе;

2) конкурс жеңімпазы болып белгіленгеннен соң, мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қоймаса;

3) конкурстық құжаттамада көзделген нысанда, көлем мен жағдайларда мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қойылғаннан кейін мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбесе, қайтарылмайды.

3. Конкурсты ұйымдастырушы ықтимал өнім берушіге ұсынылған

конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді мына жағдайларда:

1) конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі өткенде;

2) мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енгенде;

3) конкурс жеңімпазы белгіленбей, мемлекеттік сатып алу рәсімдері тоқтатылғанда;

4)

5) конкурстың жеңімпазы болып басқа ықтимал өнім беруші белгіленгенде қайтарып береді.

ЕСКЕРТУ. 14-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1998.12.09

№ 306 Заңымен.

Z980306\_

15-бап. Конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу

1. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдер салынған конверттерді конкурстық өтінімдер ұсынған барлық келуші ықтимал өнім берушілердің немесе олардың уәкілетті өкілдерінің қатысуымен конкурстық құжаттарда көрсетілген мерзімде ашады.

2. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу кезінде қатысып отырған ықтимал өнім берушілердің атауы мен орналасқан жерін және олар ұсынған бағаларды жариялайды.

ЕСКЕРТУ. 15-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1998.12.09  
N 306 Заңымен. Z980306\_

## 16-бап. Конкурстық өтінімдерді қарау, бағалау мен салыстыру

1. Конкурстық өтінімдерді қарау, бағалау мен салғастыру кезінде:

1) конкурстық комиссия конкурстық өтінімдерді қарау, бағалау мен салғастыруды жеңілдету үшін ықтимал өнім берушілерден конкурстық өтінім берулеріне байланысты түсіндірмелер табыс етуді сұрай алады;

2) формальды талаптарға сай келмейтін конкурстық өтінімді осы талаптарға сәйкес келтіру үшін ешқандай сұрау салуды, ұсыныстарға немесе рұқсат алуға жол берілмейді;

3 )

2. Егер конкурстық өтінімді конкурстық құжаттамада жазылған сипаттамалардан, шарттар мен басқа талаптардың айтарлықтай өзгертпейтін немесе елеулі ауытқушылық болып табылмайтын болмашы ауытқулар болғанда немесе конкурстық өтінімнің мәнісін өзгертпей түзетуге келетін грамматикалық немесе арифметикалық қателер болса, конкурстық комиссия конкурстық өтінімді формальды талаптарға сай береді деп қарастыра алады. Мұндай кез келген ауытқулар мүмкіндігінше санмен көрсетіледі және конкурстық өтінімдерді бағалау мен салғастыру кезінде ескеріледі.

3. Конкурстық комиссия, егер:

1) белгілі бір конкурстық өтінімді берген ықтимал өнім беруші біліктілік талаптарына сай келмесе;

2) осы баптың 2-тармағында көзделгеннен басқа жағдайларда конкурстық өтінім формальды талаптарға сай келмесе конкурстық өтінімді қабылдамайды.

4. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға қабылданған конкурстық өтінімдерді бағалап, салғастырады және ең төмен баға негізінде немесе баға факторына қоса конкурстық құжаттамада аталған өзге де өлшемдерді ескере

отырып, жеңіп шыққан конкурстық өтінімді айқындайды.

5. Конкурстық комиссия жеңіп шыққан конкурстық өтінімді айқындауда мына өлшемдерді ескереді:

- 1) конкурстық өтінімнің бағасы;
- 2) тауарлармен байланысты, пайдалануға, техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге жұмсалатын шығындар, тауар беру, жұмысты аяқтау немесе қызмет көрсету мерзімдері, тауарлардың қызметтік сипаттамалары, тауарға, жұмысқа және қызмет көрсетуге төлем жасау жағдайлары мен кепілдік жағдайлары, соның ішінде сапа сертификаттарының болуы;
- 3) Осы Заңның 25-1 бабына сәйкес отандық ықтимал өнім берушілерді қолдау.
- 4) мемлекеттің қорғаныс қабілеті мен қауіпсіздігіне келтірілуі мүмкін ықпал.

5-1. Консультациялық қызмет көрсетуге тарту мемлекеттік сатып алу мәні болған жағдайда:

- 1) консультациялық қызметтердің сапалық сипаттамалары;
- 2) ықтимал өнім берушінің осындай қызметтер рыногындағы жұмыс тәжірибесі;
- 3) ықтимал өнім берушінің және қызмет көрсетумен айналысатын қызметкерлердің біліктілік деректері, беделі, сенімділігі, кәсіптік және басқару құзыры таңдау өлшемдері болып табылады.

6. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашқан күннен бастап 10 күннен аспайтын мерзімде конкурстың қорытындыларын шығарады.

7. Конкурстың қорытындылары осы Заңның 19-бабына сәйкес хаттама түрінде ресімделеді, оған конкурстық комиссия және конкурс жеңімпазы қол қояды. Бұл хаттамада мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қойылуға тиісті мерзімдер көрсетіледі.

8. Егер конкурстық құжаттамада өзгеше көзделмесе, конкурстық өтінімдерді қарауға, бағалау мен салғастыруға қатысты ақпарат конкурстық өтінімдерді қарауға, бағалау мен салғастыруға ресми қатыспайтын ықтимал өнім берушілерге немесе кез келген басқа тұлғаға берілмейді.

ЕСКЕРТУ. 16-бап өзгерді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының

1998.12.09 N 306 Заңымен. Z980306\_

17-бап. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу

1. Тапсырысшы конкурс жеңімпазы болып танылған ықтимал өнім берушіге Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жасалған мемлекеттік сатып алу

туралы шарт жобасын жібереді.

2. Егер конкурс жеңімпазы деп танылған ықтимал өнім беруші осы Заңның 16-бабының 7-тармағына сәйкес белгіленген мерзімдерде мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қоймаса, тапсырысшы ұсынысы тапсырысшы үшін конкурс қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес жеңімпаздың ұсынысынан кейінгі ең қолайлы конкурсқа басқа қатысушымен шарт жасасуға құқылы.

3. Тараптар мемлекеттік сатып алу туралы шартқа өзі конкурстық жеңімпазы болып айқындалған жағдайда қандай да болсын өзгерістер енгізуге құқығы жоқ.

4. Тапсырысшы өнім берушіден мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуді талап етуге құқылы. Өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, егер ол конкурстық құжаттамада көзделген жағдайда ғана Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес енгізеді. Қамтамасыз етудің көлемі мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жалпы сомасының 5%-нен аспауға тиіс.

ЕСКЕРТУ. 17-бап өзгерді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.12.09 N 306 Заңымен.

Z980306\_

18-бап. Мемлекеттік сатып алуды қаржыландыру

Мемлекеттік сатып алуды қаржыландыруды тапсырысшы республикалық және жергілікті бюджеттердің, тиісті қаржы жылына арналған қаражатын нысаналы пайдалану жөніндегі қаржы жоспарына сәйкес жүзеге асырады.

ЕСКЕРТУ. 18-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1998.12.09 N 306 Заңымен. Z980306\_

19-бап. Конкурс қорытындылары туралы хаттама

1. Мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылған жағдайда конкурсты ұйымдастырушы конкурстың қорытындылары туралы хаттама ресімдеуге міндетті, онда мынадай ақпарат болуға тиіс:

1) сатып алынатын тауарлардың, жұмыс пен қызмет көрсетудің қысқаша с и п а т т а м а с ы ;

2) конкурстық өтінімдер ұсынған ықтимал өнім берушінің атауы мен орналасқан жері, сондай-ақ конкурс жеңімпазының атауы, орналасқан жері және оның жеңімпаз деп танылған шарттары;

3) конкурстық өтінімдер ұсынған ықтимал өнім берушілердің біліктілік деректері туралы ақпарат немесе мұндай деректердің болмауы туралы ақпарат;

4) әрбір конкурстық өтінімнің бағасы және басқа негізгі жағдайларының қ ы с қ а ш а м а з м ұ н ы ;

5) конкурстық өтінімдерді бағалау мен салғастыру өлшемдерінің қысқаша м а з м ұ н ы ;

6) барлық конкурстық өтінімдер қайтарылған жағдайда тиісті себептерді к ө р с е т у ;

7) егер конкурс нәтижесінде жеңімпаз анықталмаса, тиісті себептерді көрсету ;

8) конкурстық құжаттаманы түсіндіру туралы сұрау салулардың, оларға берілген жауаптардың қорытылған мазмұны, сондай-ақ конкурстық құжаттамадағы өзгерістер мен толықтырулардың қорытылған мазмұны.

2. Осы баптың 1-тармағының 1-4) және 6-8) тармақшаларында көзделген ақпарат нәтижесінде конкурс жеңімпазы анықталмаған конкурсқа қатысқан кез келген ықтимал өнім берушінің талап етуі бойынша табыс етіледі. Бұл ақпарат, егер оның ашылуы Қазақстан Республикасының қорғаныс қабілеті, құқықтық тәртібі мен ұлттық қауіпсіздігі мүдделеріне, сондай-ақ тараптардың заңды коммерциялық мүдделеріне зиян келтіруі мүмкін болса немесе адал бәсекелестікке кедергі келтіретін болса, берілмейді.

3

ЕСКЕРТУ. 19-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1998.12.09  
N 306 Заңымен. Z980306\_

## 20 - б а п . А ш ы қ к о н к у р с

1. Осы Заңда сатып алудың өзге әдісі көзделгеннен басқа жағдайларда мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың негізгі әдісі ашық конкурс болып т а б ы л а д ы .

2. Ашық конкурстың өткізілетіні туралы хабарландырулар және ашық конкурс өткізудің қорытындылары туралы хабар ресми баспасөзде жарияланады.

3. Ашық конкурс өткізу туралы хабарландыру осы конкурсқа қатысуға өтінімдер қабылдау аяқталатын күнге дейін бір айдан кешіктірілмей жариялануға



21 - б а п . Ж а б ы қ к о н к у р с

1 . Ж а б ы қ к о н к у р с :

1) тауар, жұмыс және қызмет көрсету олардың аса күрделігіне немесе арнаулы сипатына байланысты тек саны шектеулі ықтимал өнім берушілердің қолында болғанда және мұндай ықтимал өнім берушілер алдын ала белгілі б о л ғ а н д а ;

2) конкурстық өтінімдердің көп санын қарау мен бағалау үшін қажет болатын уақыт пен шығындар сатып алынатын тауардың, жұмыстың және қызмет көрсетудің құнымен сыйыспайтын болғанда өткізіледі.

2. Ықтимал өнім берушілерді жабық конкурсқа қатысуға шақыру туралы хабар оларға осы конкурсқа қатысуға өтінім қабылдау аяқталатын күнге дейін бір айдан кешіктірілмей жіберілуге тиіс.

22-бап. Екі кезеңді рәсімдер пайдаланылатын конкурс

1. Екі кезеңді рәсімдер пайдаланылатын конкурс мынадай кезеңдердің ж и ы н т ы ғ ы н а н т ұ р а д ы :

ықтимал өнім берушілерден конкурстық өтінімнің бағасын көрсетпей, тауардың, жұмыстың, қызмет көрсетудің техникалық, сапалық немесе өзге сипаттамаларына қатысты ұсыныстарды сұрату, берілген ұсыныстарға талдау жасау және қажет болған жағдайда ықтимал өнім берушімен келіссөздер жүргізу;

ұсыныстары тауардың, жұмыстың, қызмет көрсетудің белгіленген техникалық, сапалық немесе өзге сипаттарына сай келеді деп танылған ықтимал өнім берушілердің бағасын көрсете отырып конкурстық өтінім беруі.

2. Екі кезеңді рәсімдер пайдаланылатын конкурс мынадай:

1) тауардың, жұмыстың және қызмет көрсетудің егжей-тегжейлі ерекшелігін тұжырымдап беру, олардың техникалық және өзге де сипаттамаларын анықтау қиын болған жағдайда тапсырысшының ықтимал өнім берушіден конкурстық ұсыныстар сұратуы немесе олармен келіссөздер жүргізуі қажет болғанда;

2) ғылыми зерттеулер, эксперименттер, ізденістер немесе талдамалар жүргізу қ а ж е т б о л ғ а н д а ;

3) бір кезеңді ашық конкурс немесе жабық конкурс конкурс жеңімпазын анықтауға жеткізбеген жағдайларда өткізіледі.

23-бап. Баға ұсыныстарын сұратуды пайдалана отырып, өнім

1. Баға ұсыныстарын сұратуды пайдалана отырып, өнім берушіні таңдау егжей-тегжейлі ерекшеліктерінің тапсырысшы үшін елеулі маңызы жоқ, елеулі шарты оның бағасы болатын нақты тауар, жұмыс және қызмет көрсетуге жүргізіледі.

2. Баға ұсыныстарын сұрауды пайдалана отырып, өнім берушіні таңдау егер тауардың, жұмыстың және қызмет көрсетудің қандай болса да біртектес түрін сатып алу көлемі құны жағынан Қазақстан Республикасының заңдарында тиісті қаржы жылының бірінші тоқсанына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің мың еселенген мөлшерінен аспаған жағдайда ғана қолданылады.

3. Қаржы жылы ішінде тауар, жұмыс және қызмет көрсетудің біртектес түрлерін сатып алу көлемін ең болмағанда біреуінің мөлшері осы баптың 2-тармағында белгіленгеннен кем болатын бөліктерге ұсақтауға жол берілмейді.

ЕСКЕРТУ. 23-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1998.12.09 N 306

З а ң ы м е н .      Z 9 8 0 3 0 6 \_

#### 24-бап. Бір көзден мемлекеттік сатып алу

1. Бір көзден мемлекеттік сатып алу конкурс өткізбей сатып алу деген сөз және мынадай жағдайларда:

1) белгілі бір тауар, жұмыс және қызмет көрсету қандай болса да бір нақты ықтимал өнім берушінің қолында болғанда немесе қандай болса да бір нақты ықтимал өнім берушінің осы тауарға, жұмысқа және қызмет көрсетуге қатысты ерекше құқығы болғанда;

2) төтенше оқиғаның салдарынан осы тауарға, жұмысқа және қызмет көрсетуге деген қажеттер пайда болғанда, бұл конкурстар өткізуді жөн болмағанда;

3) тапсырысшы қандай бір өнім берушіден тауар, жабдық, технология немесе қызмет көрсетуді сатып алып, сол өнім берушіден нақты тауарды, жабдықты, технологияны немесе қызметті бір ізге түсіру, стандарттау пікірімен немесе сыйымдылығын қамтамасыз ету қажет болуына байланысты басқаларын да сатып алу керек деп белгілегенде жүргізіледі.

4) мемлекеттік өндірістік кәсіпорындар мен мекемелер өндіретін тауарлар, атқарылатын жұмыс пен көрсетілетін қызмет Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін жағдайлар мен тәртіп бойынша Қазақстан Республикасының қауіпсіздігінің, құқық тәртібі мен қорғаныс қабілетінің кепілдігін қамтамасыз етеді.

2. Осы баптың 1-тармағын қолданған кезде сол ықтимал өнім берушіден

тапсырысшы сол ықтимал өнім беруші ұсынған тауар, жұмыс және қызмет көрсету бағасының барлық қажетті негіздемелерін сұрап алуға құқылы.

3. Бір көзден мемлекеттік сатып алу кезінде тапсырысшы сатып алу туралы хаттама жүргізуге тиіс, ол мынадай ақпарат:

1) бір көзден мемлекеттік сатып алу әдісін қолданудың негіздемесі;  
2) бір көзден сатып алынған тауар, жұмыс және қызмет көрсетудің қысқаша с и п а т т а м а с ы ;

3) мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған өнім берушінің атауы мен орналасқан жері және мұндай шарттың бағасы болуға тиіс.

ЕСКЕРТУ. 24-бап өзгерді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының

1998.12.09 N 306 Заңымен. Z980306\_

25-бап. Қорғаныс, құқықтық тәртіп және ұлттық қауіпсіздік қажеттерін қамтамасыз етуге арналған мемлекеттік сатып алудың ерекше шарттары

Қорғаныс, құқықтық тәртіп және ұлттық қауіпсіздік қажеттерін қамтамасыз етуге арнап мемлекеттік сатып алу осы Заңға сәйкес жүргізіледі, бұған мемлекеттік сатып алу процесі үшін құпиялылық режимін сақтауды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетінің кепілдігін қамтамасыз етудің айрықша тәртібін белгілеу талап етілетін жағдайлар қосылмайды. Мұндай сатып алудың ерекше тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

25-1-бап. Отандық ықтимал өнім берушілерді қолдау

1. Отандық ықтимал өнім берушілер, соның ішінде шағын кәсіпкерлік субъектілері жеңіп шыққан конкурстық өтінімді анықтаған жағдайда тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін басымдыққа мына шарттар сақталған кезде ие болады.

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген тауарлар бойынша жергілікті еңбек, шикізат және өндіріс ресурстарын пайдаланудың құндық көрінісі тауарлар құнының 50%-нен кем, ал мердігерлік жұмыстар атқарылған кезде - 80%-нен кем болмауға тиіс.

2. Отандық ықтимал өнім берушілерге басымдық беру шарты конкурстық құжаттамада айтылуға тиіс.

3. Егер бәсекелес орта болған жағдайда мердігерлік жұмыстар жөніндегі конкурста шетелдік ықтимал өнім беруші тікелей қатысса, оған осы баптың 1-

тармағында аталған жергілікті еңбек, шикізат және өндіріс ресурстарын пайдалану шарты қолданылады.

ЕСКЕРТУ. 25-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.12.09 N 306 Заңымен. Z980306\_

25-2-бап. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде шағын кәсіпкерлік субъектілерін қолдау

1. Тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) жекелеген түрлерін мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстарды ұйымдастыру кезінде конкурсты ұйымдастырушы шағын кәсіпкерлік субъектілерінен сатып алуды ұйымдастыру үшін мұндай сатып алудың жалпы көлемінің 10 процентіне дейін резерв жасауды көздеуге міндетті.

2. Шағын кәсіпкерлікті қолдауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган шағын кәсіпкерлік субъектілерінен сатып алу жүзеге асырылуға тиіс тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) түрлерінің номенклатурасы мен көлемі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне жыл сайын ұсыныстар енгізіп отырады.

3. Тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) жекелеген түрлерін мемлекеттік сатып алу бойынша ашық (жабық) конкурс ұйымдастыру кезінде шағын кәсіпкерлік субъектілерінен конкурстық өтінімдер түспеген жағдайда ұйымдастырушы сатып алуды заңдарда көзделген тәртіппен жалпы негізде жүзеге асыруға құқылы.

ЕСКЕРТУ. 25-2-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.11.29 N 489 Заңымен. Z990489\_

26-бап. Конкурсты ұйымдастырушының немесе тапсырысшының іс-әрекеттері мен шешімдеріне шағым жасау

1. Мемлекеттік сатып алу туралы заңдар бұзылған жағдайда кез келген ықтимал өнім берушінің мемлекеттік сатып алу процесінің өткізілу барысында конкурсты ұйымдастырушының немесе тапсырысшының іс-әрекеті мен шешімдеріне шағым беруге құқығы бар.

2. Мыналар:

- 1) мемлекеттік сатып алу әдісін және конкурс түрін таңдап алу;
- 2) конкурсты ұйымдастырушының конкурс жеңімпазын анықтау

жөніндегі өлшемдерді таңдап алуы;

3) осы Заңның 10-бабы 4-тармағының негізінде ықтимал өнім берушілердің санын шектеу;

4) конкурсты ұйымдастырушының осы Заңға сәйкес барлық конкурстық өтінімдерден бас тартуға шешім қабылдауы шағым беру объектісі бола алмайды.

3. Конкурсты ұйымдастырушының немесе тапсырушының іс-әрекеттері мен шешімдеріне шағымдану Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

ЕСКЕРТУ. 26-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1998.12.09 N 306 Заңымен.

Z980306\_

3-тарау. Қорытынды ережелер

27-бап. Мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың орындалуын бақылау

Мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың орындалуын бақылауды қолданылып жүрген заңдарға сәйкес тапсырысшы жүзеге асырады.

ЕСКЕРТУ. 27-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1998.12.09 N 306 Заңымен.

Z980306\_

28-бап. Дауларды шешу

Сатып алу туралы шартты жасасу немесе орындау процесінде тапсырысшы мен өнім беруші арасындағы пайда болатын барлық даулар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шешіледі.

29-бап. Мемлекеттік сатып алу туралы заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік

Мемлекеттік сатып алу процесіне қатысушылар мемлекеттік сатып алу туралы заңдарды бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап береді.

30-бап. Осы Заңның күшіне енгізілу тәртібі

Осы Заң 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енгізіледі.  
Қазақстан Республикасының  
Президенті

оқығандар:

Багарова Ж.

Икебаева А.